

4. Горячев М Д Формирование идейной убежденности старшеклассников средствами массовой информации Автореф дис . канд. пед. наук: 13 00.01 М., 1989.

5. Журич А А Принципы отбора информации СМИ для использования на уроках химии // Химия, методика преподавания. Научно-методический журнал М • Школьная пресса 2005 №7

ӘӨЖ 378.1

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ МҰҒАЛІМ КӘСІБІНІҢ МӘРТЕБЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСЫН АНЫҚТАУ (Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕҰУ МЫСАЛЫНДА)

Жакенова Камила Бекболатовна

zhakenovakb001@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті «Педагогика және психология» мамандығы бойынша 2 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – PhD докторы Мейркулова Аида Бақытбековна

Кеңес одағының батыры, жазушы Бауыржан Момышұлы айтқандай «Ұстаз - ұлық емес, ұлы қызмет» [1]. Ұстаз – сыйлы және зор құрметке ие мамандықтардың бірі. Мұғалім қашан да болмасын қоғамда үнемі басты орындарда тұрады. Мұғалім мамандығының тарихы ертеден тамыр жайған, болашағы зор мамандық десек те болады. Қазіргі кезде көптеген дамыған елдерде мұғалім мамандығы өте маңызды орындарға ие.

Мұғалім – барлық мамандықтардың анасы, және мұғалімнің жағдайы мен мәртебесі әрқашан басты орындарда болуы керек деп саналады. Қазақстанда «Мұғалім мәртебесі туралы» заң Қазақстан Республикасының президенті Кемелұлы Қасым-Жомарт Тоқаевтың үкімімен 2019 жылы 27-ші желтоқсанда қабылданды [2]. «Мұғалім мәртебесі туралы» заң 21 баптан тұрады. Заң 2021 жылы 1 қыркүйекте қолданысқа енгізілді. Педагог мәртебесі туралы заңда педагогтік әдеп, педагогтің міндеттері, кәсіптік жұмысын қамтамасыз ету және қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтары және педагогті материалдық қамтамасыз ету құқығы, әлеуметтік кепілдіктер қарастырылған. Яғни заңда мұғалімдердің барлық жағдайы, оның ішінде әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, жауапкершілік, әдептік, тәлімгерлік мәселелері қарастырылған.

Жоғарыда айтылғандай, педагог мамандығы ең маңызды мамандықтардың бірі. Сондықтан Қазақстанда педагогика саласына ең көп грант саны бөлінеді. Педагогикалық ғылымдарға 2021 жылы мемлекеттік 8252 грант бөлінді. Бұл дегеніміз, Жаратылыстану ғылымдары мен Ақпараттық-коммуникациялық ғылымдарға бөлінген грант санынан екі есе көп [3]. Елімізде мемлекеттік грантпен қатар 2014 жылдан бастап «Серпін-2050. Мәңгілік ел жастары - индустрияға!» бағдарламасы іске асты. Бағдарламаның мақсаты - еліміздің оңтүстік өңірлерінің (Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау облыстары) еңбек ресурстары мол, Қазақстанның шығысы, солтүстігі мен батысындағы, еңбек ресурсы тапшы шалғай өңірлерде жастарды оқыту және жұмысқа орналастыру [4]. Осы бағдарлама бойынша 2021 жылы жалпы саны 5107 грант саны бөлінді. Оның ішінде 1277 грант саны педагогикалық ғылымдарға бөлінді [3]. Ағымдағы 2022 жылы ҚР Білім және Ғылым министрлігі қабылдаған шешімі бойынша педагогикалық ғылымдарға 9573 грант бөлінетін болады [5].

Қазіргі таңда педагогикалық білім беру бағдарламаларына интеллектуалды потенциалы жоғары түлектердің келуін қамтамасыз ету мақсатында шектік балды көтеруге шешім қабылданды [6]. Мысалы 2019 жылғы абитуриенттер педагогикалық мамандыққа ҰБТ нәтижесі бойынша 50 балдан 60 балға дейін көтерілген еді [7]. Ал бүгінгі таңда студенттер педагогикалық білім беру бағдарламаларына оқуға түсу үшін ең азы ҰБТ-дан 75 бал жинау керек [6].

Педагогикалық мамандықта оқып жатқан студент өз мамандығының қоғамда алатын орнын, маңызын және жауапкершілігін түсіне алуы шарт. ҚР БҒМ министрі Асхат Аймағамбетовтың мәлімдемесі бойынша болашақ студенттер педагог мамандығын үшінші, немесе төртінші кезекте таңдайды [8]. Шектік балды көтеру әсерінен педагогикалық білім беру бағдарламаларына мектепті үздік немесе жақсы бітірген оқушылардың түсуін қамтамасыз етеді. Шектік балдың жоғарлауы бұл жайтқа оң әсер ететіні сөзсіз. Себебі бұл өзгеріс болашақ интеллектуалды потенциалы жоғары ұстаздардың дайындалуына себеп болуда.

Сонымен қатар ҰБТ-дағы жинаған балмен қоса педагогикалық білім беру бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау арнаулы емтихандар нәтижелері арқылы жүзеге асырылу жоспарлануда [7]. Арнайы емтихан студенттің мамандыққа нақты келуін қамтамасыз ететін емтиханның түрі. Педагогикалық арнайы емтиханда материалдар беріледі, және рәсімдеу тәртібі түсіндіріледі. Арнайы емтиханның нәтижесі қанағаттанарлық болса ғана студент педагогикалық мамандыққа оқуға түсе алады. Арнайы емтихан болашақ студенттің мұғалім мамандығына нақты келуіне әсер етеді. Яғни осы арнайы емтихандар болашақ студенттердің қаншалықты педагогикалық мамандыққа бейімділігін анықтайтын маңызды көрсеткішдердің бірі болмақ.

Сонымен қатар, педагогикалық білім беру бағдарламасында грантта оқитын студенттердің шәкіртақысын әлі де көтеру мәселесі қарастырылған. Мысалы педагогикалық білім беру бағдарламасында оқитын студенттердің шәкіртақысы 2020 жылы 26 мың теңгеден 42 мың теңгеге көтерілсе, ал қазіргі таңда яғни 2021 жылы 50400 теңге; көтермелі шәкіртақы 57960 теңгені құрайды [9]. Осы ағымдағы жылдың қыркүйек айынан бастап шәкіртақы құны 20%-ға өсіп, шамамен 58000 теңгені құрайтын болады [10].

Жалпы мұғалім мәртебесі туралы мәселе қозғалғанда ең әуелі мәртебе деген ұғымға тоқталған дұрыс. Мәртебе дегеніміз не? Мәртебе ежелгі Римде үш негізгі белгіні айқындаған. Олар: бостандық, Рим азаматтылығы мен отбасылық жағдайы, және мұндай мәртебелердің өзгеруі Рим азаматтарының құқықтарының жоғалуына әкелген [11].


Америка Құрама Штаттарындағы Талкотт Парсонс сияқты XX ғасырдың теоретиктері мәртебені білім беру жетістіктерімен байланыстырды. Парсонс мәртебені әр түрлі критерийлерге сәйкес адамның қадір-қасиеті мен абыройның бағалануы және оның яғни адамның әлеуметтік құрылымдағы позициясы деп анықтама берсе, Тернер өз кезегінде күнделікті тілдегі мәртебе ұғымын, латынның «standing» сөзінен шыққан және ол адамның қоғамдағы жағдайын білдіреді деп анықтама берген. Ал түрік ғалымы Жейлан болса, мәртебені қоғамның өзінің мүшесі болатын жеке тұлғаны немесе топты қабылдауы және оның маңыздылығына байланысты әлеуметтік құрылымға орналастыруы деп анықтады [12]. Шкаратан бойынша мәртебе адамға тән таусылмайтын ресурс, ол қоғамға әсер етуге және осы ресурс арқылы билік пен материалдық байлықты бөлу жүйесінде артықшылықты позицияларды алуға мүмкіндік береді [13].

ЮНЕСКО тарапынан жарияланған «Мұғалімдердің жағдайына байланысты ұсыныстар» құжатында мұғалімдердің мәртебесі туралы арнайы үкіметаралық конференция, білім алу құқығы адамның негізгі құқықтарының бірі екенін еске сала отырып, мұғалімдердің жағдайы оның мақсаттары мен міндеттерімен анықталған білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келуі керек. Осы мақсаттар мен міндеттерге толық қол жеткізу үшін мұғалімдердің тиісті мәртебеге ие болуы және олардың кәсібі оған лайықты қоғамдағы құрметтің болуы өте маңызды [14].

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылы қабылдаған «Педагог мәртебесі туралы» заңнама мұғалімнің мәртебесін анықтайды және оның құқықтарын, әлеуметтік кепілдіктері мен шек қою, материалдық жағдайы, міндеттемелері мен мұғалімнің жауапкершілігін қамтиды [2].

Мұғалімдердің мәртебесіне қатысты көзқарастарды қарастырған кезде, бүгінгі күнде мұғалім кәсібіне келетін мамандар ішінде әйел мұғалімдердің саны басым екені байқалады.

Қазіргі таңда гендерлік асимметрия Қазақстанда ауқымды мәселелердің бірі. Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2018-2019 оқу жылында республиканың жалпы білім беретін мектептерінде 339 мыңға жуық педагог жұмыс істеген, олардың 81% - ын әйелдер құрайды. Осылайша, ерлердің үлесі бар болғаны 19% – ды құрады – нақты айтқанда бұл 64,4 мың мұғалім [15]. 2018 жылы Қазақстан алғаш рет 2008 жылдан бері Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) жүргізіп келе жатқан TALIS (Teaching and Learning International Survey) оқытудың халықаралық зерттеуіне қатысты. Республикада сауалнамаға 333 мектептен 6 мыңнан астам мұғалім қатысты.



(Сызба-1. Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан по итогам 2018 года. 2019 ж., 236 б.)

Сызба-1де көрсетілгенде Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесінің жағдайы мен дамуы туралы Ұлттық баяндамада «өңірлер бойынша мұғалімдер корпусы құрамындағы ерлердің үлесі 11,9% - дан 27,4% - ға дейін түрленеді» делінген. Ерлер арасында Түркістан, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарында мұғалім мамандығы ең көп сұранысқа ие, ал Маңғыстау, Атырау облыстары мен Алматы қаласында 15% -ға да жетпейді [15].

«Белес» талдау және стратегия орталығы қоғамдық бірлестігі 2019 жылы жүргізген зерттеуінде болашақ мұғалімдер 4-курс бойынша сұралған 648 студенттің басым көпшілігі (74%) өздері оқып жатқан мамандық олардың бірінші және басым таңдауы болғанын атап өтті. Осы зерттеуде «Мұғалім мамандығын таңдауда мотивацияға әсер ететін факторлар» атты сауалнама жүргізді [16]. Сонымен, сауалнамаға қатысқан 648 респонденттің ішінен 32 пайызы «Отбасым менің мұғалім болуымды дұрыс санады» деген жауап берді. Сауалнама жауаптарының ішінен «Отбасымызда ата-анам да ұстаз. Мен де сол жандардың ізін жалғағым келеді», «Менің бұл мамандыққа түсуіме ата-анам себепкер болды, кішкентай кезімізден қыз балаға мұғалімдік жақсы дейтін және атам өзі математик болғандықтан, бізді математика жағына қарай көп үйретті де және сосын «математикадан мұғалім боласың» деп алдымызға мақсат қойып берген атам болатын» сынды жауаптарды кездестірілдеді. Сәйкесінше болашақ мұғалімдердің педагогикалық мамандыққа келуіне ата-аналары, отбасылары ықпалын тигізеді.

Зерттеудің мақсаты:

Бұл зерттеудің мақсаты: педагогикалық білім беру бағдарламаларында білім алатын болашақ мұғалімдердің мұғалім кәсібіне қатысты көзқарастарын анықтау.

Зерттеу сұрақтары:

Зерттеу мақсатына байланысты төмендегі зерттеу сұрақтарына жауап беріледі. Олар:

А. Болашақ мұғалімдердің көзқарасы бойынша мұғалім кәсібінің мәртебесі қандай деңгейде?

В. Болашақ мұғалімдердің кәсіби мәртебесіне қатысты көзқарастары олардың:

а) жынысы

б) отбасында мұғалімдердің болып болмау жағдайы байланысты өзгереді ме?

Зерттеу әдісі:

Зерттеу сандық әдіске негізделген жұмыс. Сандық зерттеу тәжірибеден өткен құбылыстарды объективті ету, өлшеу және оларды сандық өрнекпен көрсету арқылы бақылауды мүмкін ететін зерттеу [17]. Сандық зерттеудің ең маңызды ерекшелігі оның объективті болуы. Сәйкесінше зерттеуде статистикалық сандық деректер қолданылып, зерттеу нәтижесінде көрсеткіштер нақты сандық мәндермен сипатталды.

Таңдалым:

Зерттеу таңдалымы Нұр-Сұлтан қаласындағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогикалық білім беру бағдарламалары бойынша білім алатын студенттерден жасақталды. Зерттеуге қатысушылар бойынша демографиялық сипаттамалық мәлімет 1-кестеде берілген.

Кестел

Болашақ мұғалімдердің сипаттамалық статистикасы

	Айнымалылар	n	%
Жыныс	Әйел	32	91,7
	Еркек	0	0
Отбасында мұғалімдердің болуы	Иә	29	8,3
	Жоқ	18	53,9
		8	
Мұғалім болғыңыз келеді ме	Иә	16	46,1
	Жоқ	1	
		29	89
Бөлімі	Иә	8	
	Жоқ	51	11
	Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу	83	23,8
	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану	76	21,8
	Екі шет тілі	83	23,8
	Педагогика және психология	38	10,9
	Математика білім беру	12	3,4
	Физика білім беру	6	1,7
	Информатика	16	4,6
	Орыс тілі мен әдебиеті	35	10,0
Жалпы		34	100
		9	

Мәлімет жинау құралы:

Зерттеу жұмысы үшін мәліметтерді жинау мақсатында Мейркулова және Гелишли тарапынан жасалған «Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласы» атты өлшеу шкаласы қолданылды [18]. Бұл шкаланың мақсаты, болашақ мұғалімдердің мұғалім кәсібінің мәртебесі туралы пікірлерін анықтау. «Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласы» үш өлшемнен (фактордан) тұрады. Олар: Мұғалім және мұғалім кәсібінің құндылығы (11 элемент), Мұғалім кәсібіне берілген маңыздылық (8 элемент), Мұғалім кәсібіне әсер ететін мәселелер (6 элемент). Шкала үшін бес балдық Лайкерт келісім шкаласы қолданылды.

Мәліметтер анализі:

Зерттеу сұрақтарына жауап беру мақсатында өлшеу құралы шкаладан алынған сандық деректерді талдауда сипаттамалық статистика, тәуелсіз таңдама топтар үшін параметрлік Т-тесті және параметрлік емес тест Манн-Уитни U тесттері қолданылды.

Зерттеу жұмысының қорытындысы:

Зерттеу барысында алынған сандық мәліметтерді талдау барысында зерттеу сұрақтарына жауап берілді. Соған сәйкес келесідей қорытынды жасалынды;

«Болашақ мұғалімдердің көзқарасы бойынша мұғалім кәсібінің мәртебесі қандай деңгейде?» зерттеу сұрағына сәйкес қатысушы болашақ мұғалімдердің «Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласынан» алған орташа мәні ($X=94.75$) анықталды. Бұл қол жеткізген мән, болашақ мұғалімдердің мұғалім кәсібінің мәртебесін «жақсы» деңгейде бағалайды деген қорытынды жасалынды.

Зерттеу барысында «Болашақ мұғалімдердің кәсіби мәртебесіне қатысты көзқарастары олардың жынысына байланысты өзгереді ме?» зерттеу сұрағына жауап берілді. Т-тест талдауы нәтижесінде алынған «Мұғалім кәсібінің мәртебесін өлшеу шкаласы» атты шкалаға жалпы берілген жауаптарға сәйкес болашақ ер мұғалімдердің шкаладағы алған орташа мәні ($\bar{X}=100,90$) болашақ әйел мұғалімдердің орташа мәнінен ($\bar{X}= 94,19$) жоғары болғаны анықталды. Т-тест талдауының нәтижесіне сәйкес, болашақ ер мұғалімдер болашақ әйел мұғалімге қарағанда мұғалім кәсібінің мәртебесі туралы пікірлері жағымдырақ пікірде деген қорытынды жасалынды.

Сонымен қатар «Болашақ мұғалімдердің кәсіби мәртебесіне қатысты көзқарастары олардың отбасында мұғалімдердің болып болмау жағдайы байланысты өзгереді ме?» зерттеу сұрағына жауап берілді. Манн-Уитни U талдауы нәтижесінде алынған р мәні 0,05-тен үлкен ($p<0,05$) екені анықталды. Сәйкесінше отбасында мұғалім болып жұмыс жасайтындар бар болашақ мұғалімдер мен отбасында мұғалім болып жұмыс жасайтындар жоқ деп жауап берген болашақ мұғалімдердің мұғалім кәсібінің мәртебесіне қатысты көзқарастары арасында айтарлықтай айырмашылық жоқ деген қорытынды жасалынды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Ұстаз ұлық емес, ұлы қызмет - Қазақстанның үздік педагогы». Нұргүл Мұқанова. «Ustas tilegi» ғылыми әдістемелік орталығының материалы
- 2.«Педагог мәртебесі туралы» - Қазақстан Республикасы Заңы
- 3.<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020661>
- 4.http://new.serpik.kz/?page_id=679
- 5.<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/227105?lang=ru>
- 6.<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu-saran/press/news/details/porogovyy-ball-ent-dlya-postupleniya-v-vuzy-po-pedagogicheskim-napravleniyam-uvlichen-do-75-ballov?lang=kk>
- 7.<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018851>
- 8.ҚР БҒМ министрі Асхат Аймағамбетовтың Педагогикалық ЖОО студенттерімен кездесудегі мәлімдемесі. 30.01.2020
- 9.<https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/na-20-povysyat-stipendii-studentov-v-2021-godu?lang=kk>
10. <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/news/details/stipendiya-kazahstanskikh-studentov-povysitsya-v-2022-godu?lang=kk>
11. Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона : в 86 т. (82 т. и 4 доп.). — СПб., 1890—1907.
12. Мұғалім мамандығының мәртебесі және оны анықтайтын өлшемдер: Мейркулова А.Б.«Зерттеу университеті жолында ғылым мен білімнің даму болашағы: жас педагог – ғалымдардың заманауи көзқарасы» I халықаралық вебинар материалдары – 07-21 мамыр, 2021 жыл. Бірінші басылым.
13. Социальная стратификация. Радаев В. В., Шкаратан О.И.: Учебное пособие для высших учебных заведений. М.: Наука, 1995. - 240 с.
14. Мұғалімдердің жағдайы туралы ЮНЕСКО/ХЕҰ ұсынысы., 1966 ж.

15. Национальный доклад о состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан (по итогам 2018 года) / Атанаева М., Аманғазы М., Ногайбаева Г., Ахметжанова А., Шакенова М., Карбаева Г., Джумабаева Ж., Касымбекова Н., Даулиев М., Абдрашева Д., Кусиденова А. – Нур-Султан: Министерство образования и науки Республики Казахстан, АО «Информационно-аналитический центр», 2019. – 364 стр.

16. Аналитический отчет «Учителя Казахстана: почему молодые люди выбирают эту профессию и что их мотивирует оставаться в ней?»: Ирсадиев С.А., Камзолдаев М.Б., Ташибаева Д.Н., Копеева А.Т. – Астана: Общественное объединение «Центр анализа и стратегии «Белес», 2019. – 126 с.

17. Büyüköztürk, Ş. (2017). Sosyal bilimler için veri analizi el kitabı. Ankara: Pegem Akademi.

18. Meirkulova, A. ve Gelişli, Y. (2021). Öğretmenlik mesleğinin statüsüne yönelik algı ölçeği: bir ölçek geliştirme çalışması. Gazi Üniversitesi Gazi Eğitim Fakültesi Dergisi, 41(2), 1145-1172.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жаппас Асылзат Серікқызы

asylzat.zhappas@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығының 4 курс студенті. Нұр-сұлтан, Қазақстан

Султанбекова Сабира Сейдахметқызы

№37 «Арман» балабақшасының тәрбиешісі. Нұр-сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Ахтанова Салтанат Кубейбековна

Тұңғыш Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев 2018 жылдың 5 қазан айындағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауында «Мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту керек» деген болатын [1]. Сондықтан да, бүгінгі өскелең ұрпаққа уақыт талабына сай білім беруді одан әрі жетілдіру мәселесі, толассыз күн сайын өзгеріп тұрған әлеммен бірге қатар жүрері анық. Балабақшада берілген тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы әрі жан – жақты тәрбиелеу мен дамыту ісінің түпкі мәйегі қалыптасатын негізгі орын.

Қазіргі мектепке дейінгі білім беру ұйымының жұмысында тәрбиешілер мектепке дейінгі білім беру ұйымының қабырғасындағы балалардың өмірін әр тараптандыруға, оны қызықты етуге тырысады.

Өкінішке орай, қазіргі мектеп жасына дейінгі балалар, көбінесе, білім беру іс - әрекетінен және режимдік сәттерден бос уақытта не істеу керектігін білмейді. Тәрбиешілер үшін жағымды эмоционалды жағдай жасау өте маңызды, оның ішінде балаларды біртіндеп осы процеске ену, оларға қуаныш пен ләззат сыйлайды . Ол үшін бірнеше ережелерді қолданған жөн:

- кіші топ балалары үшін - барлық өлеңдер, қызықты ертегілер мен әңгімелерге деген қызығушылықты арттыру. Оны баланы бос уақытты өткізуге тарту кезінде де қолдануға болады.

- ересек топ балалары үшін, жоғарыда айтылғандардан басқа, олар үшін қызықты мазмұнға толы нұсқаулық әңгімелер, ертегілер де қолайлы.

Тәрбиешілердің әр балаға деген достық қарым - қатынасы, олардың сезімдері мен тәжірибелеріне деген қызығушылығы мектеп жасына дейінгі балалардың өз қабілеттері мен мүмкіндіктеріне деген сенімін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші қызметі ойын болғандықтан, мұғалімдер балаларда ойын дағдыларын қалыптастыруы керек. Әр түрлі ойын түрлеріне қызығушылықты дамыту, балаларды ойын